

БҰЙРЫҚ

2025 жылғы «03» қыркүйек
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 311
город Шымкент

«Жолда жүру ережелері» оқу бағдарламасының жүргізілуі туралы

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымша 2-тарау, 26-тармақша, 3-қосымша, 2-тарау, 38-тармақша талаптарына сәйкес
Бұйырамын:

1. Балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу, жасөспірімдер мен балалардың көшелер мен жолдарда қауіпсіз мінез-құлыққа байланысты дағдыларын нығайту мақсатында 1-8 сыныптарына арналған «Жолда жүру ережелерінің оқу бағдарламасы» түзілсін. Жауапкершілік сынып жетекшілерге жүктелсін.
2. Жол қозғалысы ережелерін оқыту сабағы жалпы мектептің сынып жетекшілерімен, еңбек сабағы пән мұғалімдерімен іске асырылсын.
3. ЖҚЕ бойынша оқушылармен дәрістерді арнайы жабдықталған бөлмеде немесе арнайы автоаулаңда (мектеп ауласында, дене тәрбиесі залында) көрнекі-оқу құралдарын, жабдықтарды және балалардың көлік құралдарын пайдалана отырып өткізілсін. Жауапкершілік сынып жетекшілерге жүктелсін.
4. Дәрістерді, жекелеген әңгімелерді, экскурсияларды және т.с.с. өткізу үшін жол полициясы қызметкерлері, көлік жүргізушілері тартылсын.
5. Әрбір сабақтан соң бақылау сұрақтары, тапсырмалар көмегімен оқушының Жол қозғалысы ережелерін қалай меңгергендігін анықтайтын тексеріс жүргізілсін. Жауапкершілік директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Калиеваға жүктелсін.
6. «Жолда жүру ережелері» туралы оқу бағдарламасының жүргізілуі үнемі қадағалауда болсын. Балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
7. «Жол белгісі маңызды да қажетті, оны үлкен де балалар да жақсы білуге міндетті» тақырыбында жылдық сыныптық іс-шаралар өткізілсін. Ұйымдастыру жауапкершілігі аға тәлімгер Н.Сартаеваға жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Қ.Калиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:

Е.К.Нурсейтов



«БЕКІТЕМНІ»
Мектеп директоры:
Е.К.Нурсейтов



Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінің
«Жолда жүру ережесі» бойынша жүргізілетін
2025-2026 оқу жылына арналған іс-шара жоспары

ЖЖЕ Жолаушы, жаяу жүргіншінің жолда жүру мәдениеті дағдыларын
дамыту, жолда болған төтенше жағдайлардағы әрекет ету ептілігі

| № | Атқарылатын іс-шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|----|--|---------------|------------------------------------|
| 1 | ЖЖЕ туралы сынып сағаттарын өткізу | Жыл бойы | Сынып жетекшілер |
| 2 | «Байқаңыз, балалар!» ЖҚЕ алдын алу бойынша апталық | Қыркүйек | Сынып жетекші Мектеп инспекторы |
| 3 | «Жаяу жүргінші туралы» сынып сағаты | Қыркүйек | ДТЖЖО |
| 4 | Жол полициясы қызметкерлерімен кездесулер өткізу | Жыл бойы | ДТЖЖО |
| 5 | ЖЖК бұрышын безендіру | 09.09.2025 | Сынып жетекшілер |
| 6 | ЖЖЕ бойынша тақырыптық сынып сағаттарын өткізу | Жыл бойы | Сынып жетекшілер |
| 7 | «Жол қозғалысының жас полицейлері» тобымен жұмыс | Жыл бойы | Мектеп инспекторы |
| 8 | ЖҚЕ бойынша суреттер сайысы | Қараша | Көрекем еңбек ӘБ |
| 9 | «Ең үздік ЖЖК білгірі» байқауы | Қаңтар | Мектеп инспекторы |
| 10 | «Біздің досымыз бағдаршам» ЖҚЖИ (ЮИДД) үздік топ байқауы | Наурыз | Мектеп инспекторы |
| 11 | «Қауіпсіз дөңгелек» ЖҚЖИ қалалық слеті | Сәуір | Мектеп инспекторы |
| 12 | «Жол қозғалысы белгілері», «ЖЖЕ-ол ...» тақырыбында сауалнама жүргізу | Жыл бойы | Мектеп инспекторы |
| 13 | ЖЖЕ туралы көркем және деректі фильм көру | Жыл бойы | Сынып жетекшілер |
| 14 | «Қауіпсіздіктің қатаң ережелері» әңгімесі | Сәуір | Сынып жетекшілер |
| 15 | «Қазақстанның темір жолының тарихы» сынып сағаты | Сәуір | Сынып жетекшілер |
| 16 | Ата –аналармен және оқушылармен темір жолда трассада және т.б. жүру ережелері туралы әңгіме өткізу | Кесте бойынша | Сынып жетекшілер |
| 17 | Жылдық жұмыс қорытындысы бойынша есеп беру | Мамыр | Мектеп инспекторы |

*Терешкова атындагы №31 жоббм
Тәрбие сағаты*

ЖОЛДА ЖҮРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

5-д сыныбы


Сынып жетекшісі Бакторазова Э К



ШЫМКЕНТ -2026Ж

Терешкова атындағы №31 ЖОББМ

Сабақтың тақырыбы: Көше күтпеген жағдайларға толы.



жер асты
жолы



балалар
жолы



велосипед
жолы



жану
жүргіншілер
жолы



аялдауға
тыйым
салынады



аялдамасыз
қозғалысқа
тыйым
салынады



айналма
қозғалыс



солға
қозғалыс

Бастауыш сынып мұғалімі: Тұрысбек К.Е


Шымкент 2026ж



Терешкова атындағы №31 ЖОББМ

Тәрбие сағатының тақырыбы:

«Жол көлік жарақаттанудың алдын алу және жолда жүру/автожол, теміржол бойындағы қауіпсіздік/ ережесін сақтау»



Бастауыш сынып мұғалімі: Тұрысбек К.Е

Шымкент қаласы



ОСШ №31 им. В.Терешковой

Классный час на тему:

«Правила дорожного движения»

2 «В» класс



Учитель: Шайтасва Л.Т.

Шымкент 2026г

Терешкова атындағы № 31 жалпы орта білім беретін мектебіндегі
«Балалардың жолдағы қауіпсіздігі!» атты профилактикалық іс-
шарасының хаттамасы.

Өткізілген күні: 02.09.2025ж

Қатысқандар: ДТІЖО- Ғ.Нұсқабаев.

Мектеп психологтары: З.Абдумоминова, А. Лесбаева

Мектеп инспекторы: Э.Абдурахманова

0-4,5-7 сынып оқушылары

Күн тәртібінде:

1. Мектептің ішкі тәртіп ережесі туралы. /ДТІЖО-Ғ.Нұсқабаев /
- 2 « **Балалардың жолдағы қауіпсіздігі !**» жедел профилактикалық іс-шарасы.

/мектеп инспекторы- Э.Абдурахманова/

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселер бойынша ДТІЖО - Ғ.Нұсқабаев сөз алып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе мектептің ішкі тәртіп ережесі туралы сөз алған ДТІЖО - Ғ.Нұсқабаев тәртіп ережесі мектеп оқушыларының, құқықтары мен міндеттерін айқындап береді деді. Атап айтқанда мектептің ішкі тәртіп ережесі жана оқу жылының басында педагогикалық кеңесте бекітіліп және ата аналар жиналыстарында оқушыларға, ата-аналарға таныстырылып, толық ақпарат беріледі деді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша « **Балалардың жолдағы қауіпсіздігі !**» тақырыбында мектеп инспекторы Э.Абдурахманова сөз алып аталған іс-шара –балалардың қатысуымен болатын жол көлік оқиғаларының алдын алу, мектеп аумағында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, автокөлік жүргізушілерінің әсіресе мектеп маңында, жол қозғалысы ережелерін бұзуға жол бермеуді көздейді деді.

Атап айтқанда, жасөспірімдердің және жаяу жүргіншілердің жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларға жолда жүру ережелерін түсіндіру мақсатында, күнделікті таңғы сағат 07:30-08:30, түскі үзіліс 12:30-14:30 және кешкі үзіліс 17:30-19:30 уақыт аралығында мектеп инспекторы мектептің маңындағы жолдардан оқушылардың қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету бағытында қызмет атқарады.

Басты мақсат- балардың қауіпсіздігі.

Қаулы:

1. Мектеп оқушылар арасында әрдайым жол қауіпсіздігі бойынша лекция, видео роликтер көрсетіліп түсіндірме жұмыстар жүргізілсін.

Мектеп директоры



Е.Нурсейтов

Хаттама

Терешкова атындағы №31 жалпы орта мектебінде жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Темір жол –аса қауіпті аймақ» тақырыбында кездесу болып өтті.

20.11.2025жыл

Қатысқандар:

5-10 сынып оқушылары

Күн тәртібінде:

1.«Темір жол –аса қауіпті аймақ»

/Шымкент станциясындағы желілік полиция бөлімі қызмет инспекторы, полиция майоры Ш. Сыздыкова/

2. Жолаушы поездарының жолына кедергі заттар қоймау, вогон терезелеріне тас лақтырмау.

/Шымкент станциясындағы желілік әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы полиция капитаны Н.Сейдахан, ПЧ -53 мекемесінің қызметкері М.Досаева/

3. Кездесуді қорытындылау

/Мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары Нұскабай Ғалымжан Артықұлы/

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Темір жол-аса қауіпті аймақ» тақырыбында сөз алған Шымкент станциясындағы желілік полиция бөлімі қызмет инспекторы, полиция майоры Ш. Сыздыкова мектеп оқушыларына темір жол бойындағы қауіпсіздікті сақтамаудың салдарынан қаншама бақытсыздық оқиғалары орын алатынын айтып өтті. Атап айтқанда әр жылы темір жол бойында өте ірі көлемде жол көлік оқиғалары орын алады. Поезд жолдары бойындағы оқыс қайғылы оқиғалардан зардап шегушілердің 4/1 ғана тірі қалады соның өзінде мүгедек болып қалатынын ескертті. Бұл жерде ең үлкен қателік: арнайы белгілінген жерден өтпей, қауіпті аймақтан яғни, келе жатқан поездың алдынан кесіп өту. Үлкен жылдамдықпен келе жатқан тепловоз машинисті темір жол үстінде бөгде адамның жүргенін немесе қараусыз малдың жайылып жүргенін көргенде шұғыл тежеуді қолданады, алайда поездың тез тоқтауы мүмкін емес деді. Ата-аналар мен оқушылар адам өмірі мен қауіпсіздігін сақтау үшін арнайы белгіленген жерден өтіп темір жолдан өту ережесін қаперінде ұстауы керек деп ескертті. Темір жолды белгіленген және жабдыкталған, жаяу жүргіншілер өткелі, көпір жол өтпесі, төсемдер арқылы, сонымен қатар «Жол арқылы өту» көрсеткіштері орнатылған жерлерден өту қажет.

Заңды кездесу мен жиналыстар жүргізілгеніне қарамай, аталған аймақта жасөспірімдердің ойын ойнап, мал жайып, ермек ретінде жолаушылар

поездарының вогон терезелерін қасақана сындырып, мемлекетке және вогон ішінде келе жатқан жолаушыларға мүліктік заттай және дене жарақатын салып орны толмас залал келтіретінін айтып, оқушыларды тәртіпті болуға шақырды. Мұндай жағдай орын алған жағдайда ол оқушы қатаң жазаланатынын ескертті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша Шымкент станциясындағы желілік әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы полиция капитаны Н.Сейдахан, ПЧ -53 мекемесінің қызметкері М.Досаева жолаушы поездарының жолына кедергі заттар қоймау, вогон терезелеріне тас лақтырмау туралы айта келе жолаушылар поездарын, локомотивтерін, осымен қатар олардың айналарын сындырғаны үшін 3 тен 10 айлық есептік көрсеткіштерге дейін және темір жол бойына өзге заттар қойып, поездардың жолдан шығуына жол беретін іс-әрекеттер үшін жеке тұлғаларға 5 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салынатынын ескертті.

Заңсыз іс-әрекеттерімен байланыс құрал саймандарын жасырын түрде ұрлап, темір жол бойына яғни, поездардың қатерлі апатқа ұшырайтынын ескертіп, мұндай бұзақылыққа бармау керектігін айтты. Темір жол қауіпсіздігі бойынша оқушыларға арнайы дайындалған видео сюжет көрсетілді. Дөңгелек үстел аясында келген қонақтарға оқушылар тарапынан көптеген сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.


Өтілген дөңгелек үстел бойынша қорытынды жасаған мектеп директорының орынбасары Нұсқабай Ғалымжан Артықұлы «Темір жол бойындағы қауіпсіздік» қазіргі таңда күн тәртібінен түспейтін үлкен мәселе болып отырғанын яғни, балалардың өмір қауіпсіздігі басты назарда болуы керек деп атап көрсетіп, ешқандай бұзақылыққа бармай тәртіпті бала болуларын керек деді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай келе қаулы қабылданды.

Қаулы:

1. «Темір жол аса қауіпті аймақ» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстел қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Темір жол бойындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу іс –шаралары үнемі жүргізілсін.
3. Темір жол бойында ойнауға, темір жолдан өтуге болмайтынын және «Темір жолдан өту ережесін» оқушылар қатаң түрде сақтасын.

Мектеп директоры:  Е.К.Нурсейтов

Хатшы:  Н.Сартаева